

Гаухар-Тас жеке меншік балабақшасының

меңгерушісі Г. Куршанова

Қамқоршылық кеңесінің 2023-2024 жылына арналған

жұмыс жоспары

№	Отырыс тақырыбы	Өткізу мерзімі	Жауапты
1	1. Қамқоршылық кеңес құрамын қайта бекіту, 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту. 2. Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы, балалардың өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігін қамтамасыз ету. 3. Ата-аналармен ынтымақтастық жұмыстарын жетілдіру, ата-аналарды балабақша өміріне тарту.	Қыркүйек 2023 жыл	Меңгеруші Әдіскер
2	1. Балалардың тамақтану сапасы, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын бақылау. 2. Қысқы кезеңдегі қауіпсіздік шаралары, төтенше жағдайлардың алдын алу. 3. Білім беру процесінің сапасы және тәрбиеленушілердің жетістіктері туралы.	Желтоқсан 2023 жыл	Меңгеруші Әдіскер
3	1. Балабақша аумағын абаттандыру, көгалдандыру және сенбілік жұмыстарын ұйымдастыру. 2. Жазғы сауықтыру маусымына дайындық, балалардың қауіпсіз демалысын ұйымдастыру. 3. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмысының қорытындысы, меңгерушінің жылдық есебі.	Мамаыр 2024 жыл	Меңгеруші Әдіскер

ХАТТАМА №1

«Гаухар-Тас» балабақшасының қамқоршылық кеңес отырысы

Өткізген күні: 12.09.2023 жыл

Қатысқандар:

- * Балабақша меңгерушісі: Ә.Б.Қызылқұл
- * Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: Куршенова Гулмира
- * Кеңес мүшелері: Ұ.Досанова. Ж.Темирханова

Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңес құрамын қайта бекіту, 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.
2. Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы, балалардың өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
3. Ата-аналармен ынтымақтастық жұмыстарын жетілдіру, ата-аналарды балабақша өміріне тарту.


Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Ә.Б.Қызылқұл: 2023-2024 оқу жылына қамқоршылық кеңес құрамын қайта бекіту туралы ұсыныс енгізілгенімен Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құрамы өзгеріссіз қалатындығын хабарлап, олардың міндеттері мен жауапкершіліктерін түсіндірді. Сонымен қатар 2023-2024 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын таныстырып, талқылауға ұсынды. Бұған қоса, меңгеруші жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары туралы баяндама жасады. Онда топ бөлмелерінің, ойын алаңдарының, ас блогының, санитарлық тораптардың дайындығы, өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуы, бейнебақылау жүйесі және балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бағытындағы атқарылған жұмыстар туралы толық мәлімет берді. Сондай-ақ ата-аналармен ынтымақтастық жұмыстарын жетілдіру бойынша баяндама жасап, ата-аналарды бөбекжай өміріне тарту, ашық есік күндерін өткізу, мәдени-көпшілік іс-шараларға қатыстыру, ата-аналар жиналыстарын жүйелі өткізу және кері байланысты нығайту мәселелерін алға тартты. Сөз алғандар: Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Гулмира Сратовна ата-аналардың балабақшамен байланысын күшейту, бірлескен іс-шараларды жиі өткізу туралы өз ұсыныстарын білдірді.

Шешім:


1. Ата-аналармен ынтымақтастық жұмыстарын жетілдіру жалғастырылсын.
2. Ата-аналарды балабақша өміріне белсенді тарту жұмыстары ұйымдастырылсын.
3. Ата-аналармен өзара байланыс пен серіктестік жұмылары тұрақты жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңестің төрайымы:



Г:Куршенова

Хатшы:



Ұ.Досанова.

ХАТТАМА №2

«Гаухар-Тас» балабақшасының қамқоршылық кеңес отырысы

Өткізген күні: 12.12.2023 жыл

Қатысқандар:

- * Балабақша меңгерушісі: Ә.Б.Қызылқұл
- * Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: Куршенова Гулмира
- * Кеңес мүшелері: Ұ.Досанова, Ж.Темирханова

Күн тәртібі:

1. Балалардың тамақтану сапасы және санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын бақылау туралы.
2. Қысқы кезеңдегі қауіпсіздік шаралары және төтенше жағдайлардың алдын алу туралы.
3. Білім беру процесінің сапасы және тәрбиеленушілердің жетістіктері туралы.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Ә.Б.Қызылқұл және медицина қызметкері:

Балалардың тамақтану сапасы, ас мәзірінің бекітілген нормаға сәйкестігі, азық-түлік өнімдерінің сапасы, сақтау мерзімдері мен санитарлық талаптардың сақталуы туралы баяндады. Топ бөлмелерінің, асхана және ас блогының санитарлық жағдайы тұрақты бақылауда екенін атап өтті.


Шаруашылық меңгерушісі: Қысқы кезеңдегі қауіпсіздік шаралары туралы баяндама жасап, жылыту жүйесінің дайындығы, өрт қауіпсіздігі, мұздан сақтану, электр құралдарының қауіпсіз пайдаланылуы және төтенше жағдайлардың алдын алу жұмыстары туралы ақпарат берді.

Әдіскер Ә.Б.Қызылқұл: Білім беру процесінің сапасы, оқу-тәрбие жұмыстарының орындалуы және тәрбиеленушілердің жетістіктері туралы баяндады. Балалардың танымдық, шығармашылық және спорттық бағыттағы жетістіктеріне тоқталып, тәрбиешілердің білім беру сапасын арттыру бойынша жұмыстары жүргізіліп жатқанын жеткізді.

ҚАУЛЫ:


1. Білім беру процесінің сапасын арттыру жұмыстарын жалғастыру.
2. Тәрбиеленушілердің жетістіктерін қолдау және дамыту жұмыстарын күшейте түсу.
3. Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру бойынша жұмыстарды жалғастыру.
4. Ата-аналармен бірлескен іс-шараларды көбейту.

Қамқоршылық кеңестің төрайымы:



Г:Куршенова

Хатшы:



Ұ.Досанова

«Гаухар-Тас» балабақшасының қамқоршылық кеңес отырысы

Өткізген күні: 28.05.2024 жыл

Қатысқандар:

- * Балабақша меңгерушісі: Ә.Б.Қызылқұл
- * Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: Куршенова Гулмира
- * Кеңес мүшелері: Ұ. Досанова, Ж. Темирханова

Күн тәртібі:

1. Балабақша аумағын абаттандыру, көгалдандыру және сенбілік жұмыстарын ұйымдастыру.
2. Жазғы сауықтыру маусымына дайындық, балалардың қауіпсіз демалысын ұйымдастыру.
3. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмысының қорытындысы, меңгерушінің жылдық есебі.

Тыңдалды:

Шаруашылық меңгерушісі: Балабақша аумағын абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізу туралы баяндады. Бөбекжай аумағына гүлдер отырғызу, ағаш көшеттерін күтіп-баптау, ойын алаңдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және сенбілік жұмыстарын ұйымдастыру мәселелерін ортаға салды. Сондай-ақ ата-аналар қауымдастығының қатысуымен аумақты көркейту жұмыстарының маңыздылығын атап өтті.

Медицина қызметкері В. Жансерикова мен әдіскер Ә.Қызылқұл: Жазғы сауықтыру маусымына дайындық, балалардың денсаулығын нығайту, жаз мезгіліндегі қауіпсіздік талаптары, серуен және шынықтыру шараларын ұйымдастыру туралы баяндады. Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында қауіпсіздік техникасын сақтау қажеттілігін түсіндірді. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Куршенова Гулмира: Кеңестің 2023-2024 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарының қорытындысы туралы есеп берді. Балабақша меңгерушісі Ә.Қызылқұл: Жыл бойы атқарылған оқу-тәрбие, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, қауіпсіздік, ата-аналармен байланыс және тәрбиеленушілердің жетістіктері бойынша жылдық есебін ұсынды.

Қаулы:

1. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмысын қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Меңгерушінің жылдық есебі назарға алынсын.
3. Келесі оқу жылында ата-аналармен байланысты нығайту және материалдық базаны жақсарту жұмыстары жалғастырылсын.
4. Балабақшаның қауіпсіздігі мен тәрбиеленушілердің сапалы білім алуына бағытталған жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын тапсын.

Қамқоршылық кеңестің төрайымы:



Г. Куршенова

Хатшы:



Ұ. Досанова